

СУ – ӨМІРДІҢ НӘРІ

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС (жарғылық капиталында 22,08% Шымкент қаласы әкімдігінің еншісінде) жекеменшік кәсіпорын болып табылады. Ол мемлекеттік – жекеменшік серіктестік жағдайында нарықта 18 жылдан бері табысты жұмыс істеп келеді.

Кәсіпорын Шымкент қаласы және Сайрам ауданының 1 миллионға жуық тұрғынын шаруашылық ауысумен үздіксіз қамтамасыз етеді және су бұру қызметін көрсетеді. Негізгі қорының құны 34,0 млрд. теңгені құрайды.

Тиімді жұмыс істеудің арқасында жыл сайын барлық табысының шегінде 15%, ал құрылғалы бері мемлекеттік бюджетке жалпы сомасы 3,0 млрд. теңге салық төледі.

Кәсіпорын 2009 жылдан бастап Еуропалық қайта құру және даму банкімен (ЕКДБ) бірлесіп сумен қамтамасыз ету және су бұруға инвестиция тарту жөнінде жұмыс жүргізуде. 2009-2015 жж. ЕКДБ бірге жылдық сыйақысы 5,5% мөлшерде, 10 жыл мерзімге жалпы сомасы 9,1 млрд. теңге болатын 4 келісімшартқа қол қойылды. Қаржы бүгінгі таңға толық игерілген. «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша ҚР Үкіметі, ЕКҚД және кәсіпорынмен үш жақты жасалған келісімшарт негізінде 1624,0 млн. теңге сомасында субсидия бөлу жоспарланды.

Ең бастысы, несиелік келісімшарттың барлық ережелерін кәсіпорын мен банк өз уақытында және сапалы орындап келеді.

Кәсіпорын үшін 2016 жылы мынадай негізгі оқиғалар орын алды:

- 2016-2021 жылдарға 11,5 млрд. теңге сомасында, оның ішінде ЕКДБ есебінен 3,1 млрд. теңге және 1,6 млрд. теңгесі «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша ҚР Үкіметінің субсидиясы есебінен ұзақ мерзімді инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру басталды.

- «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС базасында «Елді мекендерді сумен жабдықтау және суды алып кету жүйесіне балама энергия, су және энергиямен жабдықтау көздері» тақырыбында республикалық конференция өтті.

- «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 2016 жылға (20 жылға 0,02% жылдық) «Су құбыры және канализация басқармасы» МКК-не 3,2 млрд. теңге сомасында 4 нысан бойынша жалпы ұзындығы 207,5 шк. көріз жүйесіне жеңілдікпен несиелік қаржы тартылды.

- Бизнестің дүниежүзілік конфедерациясы (АКШ) бизнесті басқарудағы жоғары көрсеткіштері үшін кәсіпорынды «TheBIZZ-2016» белгісімен марапаттады.

Тұтынушыларға қызмет көрсетудің сапасын жақсарту мақсатында мекеме бұқаралық ақпарат құралдарына арнайы айдар ашып, сумен жабдықтау және су тарту жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстары мен жаңалықтарды жүйелі түрде жариялап тұрады. Одан басқа тұтынушылардан өтініш қабылдау үшін мекеменің веб-сайтында тәулік бойы орталық диспетчер пункті жұмыс істейді. Компанияда 870 адам жұмыс істейді, олардың орташа есебімен 88685 теңгені құрайды. Қала бойынша орташа жалақы мөлшері 112 077 теңге болса, сонымен салыстырғанда 21 пайызға төмен.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарын орындауда Шымкент қаласының сумен жабдықталуын есептеуде жалпыұйлік және көшеге арналған жалпы су өлшегіш құралдарын орнату 100% орындалды. Қолданыстағы заңнамалардың негізінде жалпы су өлшегіш құралдары мен жеке су өлшегіш құралдары көрсеткіштерінің қосындыларының арасындағы айырмасы қосымша есептеліп, тұрғындардың санына қарай әр абонентке теңдей бөлінеді. Жалпы құрылғыны орнатудың нәтижесінде коммерциялық шығын 30%-дан 3-5%-ға дейін төмендеді.

2016 жылы абоненттердің өз қаржысын қатан үнемдеуінің арқасында ірі тұтынушылардың пайдаланған суының көлемі 20-дан 50%-ға дейін, ал, ағын суды пайдалануы 15-тен 70%-ға дейін төмендеуінің салдарынан кәсіпорынның кіріс бөлігі едәуір қысқарған.

2016 жылы Шымкент қаласының су құбыры және көріз шаруашылығының негізгі қорларын қайта құру, жаңғырту және жанарту инвестициясына 4 435,9 млн. теңгеге төмендегі іс-шаралар жүргізілген. Оның ішінде:

- 70,2 шк. су құбырлары және 11,9 шк. көріз құбырлары жанартылып қайта құрылды;

- көріздік тазалау гимаратының қуаттылығын төулігіне қосымша 50 мың текше метрге дейін кеңейту жұмыстары басталды;

- автоматтандыруға бейімделген 3726 су есептегіш тораптары, жалпы көшелік және басты есептеу құралдары қайта құрылды;

- су құбыры және көріз шаруашылығының негізгі қорларын пайдалануда қолданылатын 128 жаңа технология, жаңа техникалар мен қондырғылар ендірілді.

3330 абоненттің жеке есептеу құралдарын көшелік үлестіргіш тораптарына шығарумен көшелік су құбыры желілерін қайта құру нәтижесінде:

- су құбырлары желілерінің тозу дәрежесі 64%-дан 38,3% төмендеді;

- көріз желілерінің тозу дәрежесі 72%-дан 53,1% төмендеді;

- электр энергиясы шығынының меншікті шамасы 0,09 кВт текше метрге төмендеді;

- тұтынушылар сумен үздіксіз қамтамасыз етілді;

- нормативті-техникалық шығын 16,78%-ға дейін төмендеді;

- орталық көрізге қосылудың саны өсті;

- шайынды сулардың көрсеткішін халықаралық экологиялық стандарттардың деңгейіне дейін жеткізілді;

- әр 100 шақырымға апаттың төмендеуі 33%-ға дейін;

- тұтынушыларға су беру үздіксіз жүргізілуде.

Мекеменің 2017 жылы алға қойған жоспары:

- Еуропалық қайта құру және даму банкімен одан әрі заемдік қаржы тарту бойынша ынтымдастықты жалғастыру;

- «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 2017-2030 жылдарға ұзақ мерзімді жеңілдікті несиелік қаржы тарту;

- «Нұрлы жол» бағдарламасы есебінен субсидия тарту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- Салықтық преференцияларды пайдалану;

- Автокөлік және арнайы техникалар паркін жанарту;

- Негізгі өндірістік көрсеткіштерді төмендету, атап айтқанда:

- электр энергиясы шығынының меншікті шамасын 0,085кВт/м³;

- нормативті – техникалық шығынды 16,4%-ға;

- су құбырының тозу деңгейін – 37,7%-ға, ал көрізді 52,8%-ға дейін.

Есеп беру жиынында, сондай-ақ «Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-нің 2016 жылы істеген жұмыстары туралы слайдтар көрсетіліп, көрнекі құралдар ұсынылды. Одан ары қарай баяндама талқыланып, сауалдар қойылды. Тұтынушылардың құқығын қорғау қоғамының төрағасы Бегімкүл Төлентаев, ОҚМУ сумен жабдықтау кафедрасының меңгерушісі, профессор Елеу Наурызбаев, Шымкент қалалық мәслихатының депутаты Нүркөз Жаңабаев сөз сөйледі. Сонымен қатар, көпқабатты үй, көше комитеттері төрағаларының пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды. Көпшілік тыңдауға қатысқан қатысушылар кәсіпорынның 2016 жылы атқарған жұмыстарын қанағаттанарлық деп қорытындылады.

«Су ресурстары – Маркетинг» ЖШС-нің баспасөз қызметі.